

**Айгерим Дуйсеновна Нурекенова^{1*}, Әбдібек Жетпісұлы Әміров²,
Ардақ Шайкенқызы Тлеулесова³**

^{1*} автор-корреспондент, докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0009-0006-6990-6136 E-mail: a.nurekenova85@mail.ru

²филология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0003-1427-3184 E-mail: Abdybek.Amirov@kaznu.edu.kz

³педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Қазақстан, Астана қ., ORCID: 0000-0002-3471-6109 E-mail: tleulesova.ardak@mail.ru

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН КЕЗЕҢІНДЕГІ ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Андатпа. Мақалада тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның ономастикалық кеңістігінде орын алған өзгерістер мен оларды зерттеу мәселелері қарастырылған. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдерде ұлттық сананың қайта жаңғыруы нәтижесінде жер-су, елді мекен, көше атауларында айтарлықтай өзгерістер болды. Қазіргі таңда ұлттық ономастика мәселесі мемлекет тарапынан үлкен саяси-идеологиялық мәнге ие болып отыр. Себебі ономастикалық атаулар – халықтың тарихи жадын, мәдени болмысын және ұлттық бірегейлігін айқындайтын рухани құндылық. Ономастикалық атаулардың ұлттық мазмұнға сай қайтадан жаңғыруы – елдің отарсыздану саясатын, тарихи әділдікті қалпына келтіру үрдісін және ұлттық сананы нығайтудың нақты көрінісі болып табылады. Осымен байланысты ономастика тек тілдік немесе географиялық жай атау ғана емес, сонымен қатар қоғамдық-саяси әрі мәдени маңызы зор сала екендігін көреміз. Егемендік алғанға дейін отаршылдық саясат халықтың ұлттық жады мен тарихын ұмыттыру мақсатында көптеген дәстүрлі атауларымызды өзгерткені мәлім. Егемендік алғаннан кейін Үкімет тарапынан арнайы Мемлекеттік Ономастика комиссиясы құрылып, жүйелі жұмыс атқарып келеді. Ұлттық ономастика мәселесіне Президент Қ-Ж.К. Тоқаев та ерекше назар аударып, биыл өткен Ұлттық құрылтай жиынында: «Қалалар мен көшелердің атауынан халқымыздың төл тарихы көрініс табуы қажет» – деген болатын. Қалалар мен көшелер, жер-су және елді мекен атауларын ұлттық құндылыққа сәйкес реттеу негізінде ұлттың тарихи жады мен мәдени коды қайтадан жаңғыратыны сөзсіз.

Тірек сөздер: ұлттық ономастика; жер-су атаулары; мәдени код; ұлттық сана; лингвокогнитивтік және этномәдени негіздер

Сілтеме жасау үшін: Нурекенова А.Д., Әміров Ә.Ж., Тлеулесова А.Ш. Тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі ономастикалық атаулардың зерттелуі. *Tiltany*, 2025. №4 (100). 70-80-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-70-80>

**Айгерим Дуйсеновна Нурекенова^{1*}, Абдибек Жетписович Амиров²,
Ардақ Шайкеновна Тлеулесова³**

^{1*} автор-корреспондент, докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0009-0006-6990-6136 E-mail: a.nurekenova85@mail.ru,

²кандидат филологических наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0003-1427-3184 E-mail: Abdybek.Amirov@kaznu.edu.kz

³кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Казахский агротехнический исследовательский университет имени С. Сейфуллина, Казахстан, г. Астана, ORCID: 0000-0002-3471-6109 E-mail: tleulesova.ardak@mail.ru

ИССЛЕДОВАНИЕ ОНОМАСТИЧЕСКИХ НАЗВАНИЙ В ПЕРИОД НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА

Аннотация. В статье рассматриваются изменения, произошедшие в ономастическом пространстве Казахстана в годы независимости, а также вопросы их изучения. В постсоветский период, в результате возрождения национального сознания, произошли значительные преобразования в названиях географических объектов, населённых пунктов и улиц. В настоящее время проблемы национальной ономастики приобретают большое политико-идеологическое значение со стороны государства. Это связано с тем, что ономастические названия являются духовной ценностью, отражающей историческую память народа, его культурную самобытность и национальную идентичность. Возрождение ономастических названий в соответствии с национальным

содержанием представляет собой проявление политики деколонизации, процесс восстановления исторической справедливости и укрепления национального самосознания. В этом контексте ономастика рассматривается не просто как языковая или географическая система наименований, но и как сфера, имеющая важное общественно-политическое и культурное значение. Известно, что в дореволюционный и советский периоды колониальная политика стремилась вытеснить из народной памяти традиционные названия, тем самым ослабляя национальную идентичность. После обретения независимости при Правительстве Республики Казахстан была создана Государственная ономастическая комиссия, которая ведёт системную работу в данном направлении. Президент Республики Казахстан К-Ж.К.Токаев также уделяет особое внимание вопросам национальной ономастики. На прошедшем в этом году заседании Национального курултая он подчеркнул: «Названия городов и улиц должны отражать подлинную историю нашего народа». Регулирование названий городов, улиц, географических объектов и населённых пунктов в соответствии с национальными ценностями, несомненно, способствует возрождению исторической памяти и культурного кода нации.

Ключевые слова: национальная ономастика; топонимы; культурный код; национальное сознание; лингвокогнитивные и этнокультурные основы

Для цитирования: Нурекенова А.Д., Амиров А.Ж., Тлеулесова А.Ш. Исследование ономастических названий в период независимого Казахстана. *Tiltany*, 2025. №4 (100). С. 70-80. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-70-80>

Aigerim Nurekenova^{1*}, Abdibek Amirov², Ardak Tleulesova³

^{1*}Corresponding Author, Doctoral Student, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0009-0006-6990-6136 E-mail: a.nurekenova85@mail.ru

²Candidate of Philological Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0003-1427-3184 E-mail: Abdybek.Amirov@kaznu.edu.kz

³Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, Kazakhstan, Astana, ORCID: 0000-0002-3471-6109 E-mail: tleulesova.ardak@mail.ru

THE STUDY OF ONOMASTIC NAMES IN THE PERIOD OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN

Abstract. The article examines the changes that have taken place in the onomastic space of Kazakhstan during the years of independence, as well as issues related to their study. In the post-Soviet period, as a result of the revival of national consciousness, significant transformations occurred in the names of geographical objects, settlements, and streets. At present, the issues of national onomastics have acquired great political and ideological importance at the state level. This is due to the fact that onomastic names represent a spiritual value that reflects the historical memory of the people, their cultural identity, and national self-awareness. The revival of onomastic names in accordance with national content represents an expression of decolonization policy, a process of restoring historical justice, and strengthening national consciousness. In this context, onomastics is viewed not only as a linguistic or geographical naming system, but also as a field of great socio-political and cultural significance. It is known that during the pre-revolutionary and Soviet periods, colonial policy sought to erase traditional names from the people's memory, thereby weakening national identity. After gaining independence, the Government of the Republic of Kazakhstan established the State Onomastic Commission, which has been carrying out systematic work in this field. The President of the Republic of Kazakhstan, Kassym-Zhomart Tokayev, also pays special attention to issues of national onomastics. At the National Kurultai held this year, he emphasized: “The names of cities and streets should reflect the true history of our people.” The regulation of the names of cities, streets, geographical objects, and settlements in accordance with national values undoubtedly contributes to the revival of the nation's historical memory and cultural code.

Keywords: national onomastics; toponyms; cultural code; national consciousness; linguocognitive and ethnocultural foundations

For citation: Nurekenova, A., Amirov, A., Tleulesova, A. The Study of Onomastic Names in the Period of Independent Kazakhstan. *Tiltany*, 2025. No.4 (100). P. 70-80. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-70-80>

Қысқаше

Тәуелсіз Қазақстан кезеңінде ұлттық сана мен тарихи жадтың жаңғыруы ерекше қарқынмен жүрді. Сол рухани жаңғыру үдерісі ономастика саласын да қамтып, бірқатар дәстүрлі атауларымыз қалпына келе бастады. Бұрынғы отаршыл-идеологиялық сипаттағы атаулардың орнына ұлтымыздың тарихы мен мәдениетін бейнелейтін төл атауларымыз қайтарылып, жаңа мәнге ие болды. Ономастикалық атаулар тек тілдік бірлік ғана емес, қоғамның саяси, мәдени жән рухани дүниетанымымен тығыз байланысты категория. Сондықтан тәуелсіздік кезеңіндегі

ономастикалық атаулардың зерттелуі – елдің идеологиялық бағыт-бағдарын, ұлттық құндылықтарға деген көзқарасын айқындайтын өзекті тақырып. Мақалада тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі ономастикалық атаулардың қалыптасу, өзгеру және зерттелу ерекшеліктері қарастырылды.

Ономастикалық атаулар – Қазақстанды әлемге танытатын ұлттық тіліміздің үлкен бір арнасы. Себебі жер-су, елді мекен, көше атаулары – халықтың тарихы мен дүниетанымынан сыр шертетін рухани мұра. Ғалым Н. Уәли отаршылдық саясаты кесірінен күштеп өзгертілген немесе күштеп таңылған ономастикалық атауларды *тоталитарлық атаулар, отаршылдық топонимдер* деген терминмен атайды. Ғалым: «Қазіргі кезде, еліміз тәуелсіздік алғалы бері ұлттық ономастика саласында қыруар жұмыс атқарылды. Еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігінің сөздігіне байланысты отаршылдық топонимдер өзгертіліп, халықтық атаулар қалпына келтірілді. Сондай-ақ коммунистік идеологиямен байланысты тоталитарлық атаулар да ұлттық ономастика жүйесінен аластатылды. Әрине, әлі де болса кездесетін кедергілер жоқ емес. Практикалық ономастика, алдымен ғылыми негізге сүйенеді. Сондықтан ұлттық ономастиканың көптеген «таңдақтарын» аршып, қалпына келтіруде ономастика ғылымының нәтижелері айтарлықтай болды» – деп көрсетеді (Уәли, 2014).

Зерттеушілердің көрсетуінше, ұлттық ономастика жүйесі XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап патша үкіметінің отарлау саясатының кесірінен өзгерістерге ұшыраған. Себебі, ономастика халықтың санасына әсер етудің басты құралының бірі болды. 1991 жылы тәуелсіздік алғанда ең бірінші еліміздің атауы ауыстырылғаны мәлім. Қазақ Советтік Социалистік Республикасы болған еліміз «Қазақстан Республикасы» болып өзгертілді. Себебі Кеңес Одағы тараған кезде *совет* пен *социализм* сөздері заңдық күшін жойды. Одан кейін Ономастика комиссиясы құрылып, елді мекен мен көше атауларын ауыстыруды қолға алды. Отаршылдық топонимдер мен тоталитарлық атаулардың тым көптігі, оларға тарихи атауын қайтару мәселесін күрделендіргені аян. Атауларды ауыстыру үшін халықпен кездесулер өткізіп, ономастикалық саясатты түсіндіру жұмыстары қарқынды жүргізілгеніне қарамастан, тұрғындар тарапынан айтарлықтай қарсылықтар болғаны мәлім. Солтүстік Қазақстан облысындағы *Краснознаменное, Воскресновка, Буденное, Чапаевка, Благовещенка, Чапаево, Ленинское, Рублевка, Келлеровка, Кременчуг, Драгомировка, Иван-город, Чкалова, Ильичевка, Ленинградское, Боголюбова, Корнеевка, Советское, Сергеевка, Тимирязево, Комсомольское, Буденное, Рузаевка, Кирилловка, Октябрьское, Советское* немесе Батыс Қазақстандағы *Бударин, Чапаев, Чиров, Раздольное, Макаров, Мичурин, Казталов, Долинное, Богдановка, Юбилейное* тәрізді елді мекендер атауларына қарап, тоталитарлық жүйенің кесірінен отаршылдық кезеңі мен кеңес заманында қазақ ұлттық ономастикасының жойылғанын аңғарамыз. Әрине бұндай атаулар тек бұл екі өңірді ғана емес, бүкіл Қазақстанды қамтығаны мәлім. Ел-елді аралап, ономастикалық саясатты түсіндіру жұмыстарын жүргізген қоғам қайраткері Дос Көшім: «Отаршылдық кезеңінде және кеңес заманында ономастика адам айтқысыз өзгеріске түсті. Бір ғана мысал: 1991 жылы Алматыда 1984 көше болды. Ол көшелердің атауларының 16 пайызының ғана Алматы қаласына не Қазақстанға қатысы бар болатын. Басқа 84 пайыз атаулардың не Алматыға немесе біздің елімізге ешқандай қатысы жоқ жандардың аттары. 1954-55 жылдары, тың игеру кезінде, Алматының 300-дей көшесінің аты ауыстырылып, өзге ұлттардың ұлыларының есімдері берілген. Кеңес заманындағы идеологиялық бағыттағы берілген есімдердің көпшілігі әлі күнге дейін тұр. Бұлардың қазақ елінің идеологиясына қатысты тұлғалармен ауыстырылу қажеттігін бәріміз білеміз, бірақ орыстілді тұрғындардың қарсылығынан қорқамыз. Меніңше, дәл қазіргі кезеңде батыл қимылдап, ескірген идеологиялық атаулардан арылуымыз керек» – деген пікір айтады (Көшім, 2022). Саясаткердің бұл пікірінде отаршылдық және кеңестік кезеңдегі ономастикалық саясаттың ұлттық идеологияға тигізген кері әсері нақты көрсетіліп, қазіргі таңда бұл саланы тәуелсіздіктің символы ретінде қарау қажеттілігі көтерілген.

Тәуелсіздік алғаннан кейін ономастика – ұлттық сана мен тарихи әділдікті қалпына келтірудің маңызды құралына айналды. Біздің ойымызша,

біріншіден, ономастика – тек атаулар жүйесі ғана емес, ұлттың тарихы мен мәдени болмысын айқындайтын бірлік. Кеңес дәуірінде ономастикалық атаулар отарлаушы елдің

тұлғаларымен аталып, қазақ халқының ұлттық сипаттағы атаулары екінші орынға ығыстырылған. Бұл – ұлттың өз тамырынан ажырауына әкелген рухани отарлау түрі болды;

екіншіден, тәуелсіздік алғаннан кейін ономастикалық атауларды жаңғырту – ұлттық идеологияның ажырамас бөлігіне айналып, түзету жұмыстары қолға алынды. Көшелер мен елді мекендерге қазақ тарихында өзіндік із қалдырған тұлғалардың есімін қайтару арқылы ономастика саласында жаңару үрдісі қарқынды дамыды;

үшіншіден, тәуелсіздік алғаннан кейін ономастикалық атауларды қайтадан, жаңа қырынан зерттеу мәселесі жолға қойылды. Соның нәтижесінде ғалымдар тарапынан ономастикалық атаулардағы тілдік және мәдени кодты ашып, айқындаған озық зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Бүгінгі мақаламызда осы мәселелерге жан-жақты тоқталып, тәуелсіздік жылдарындағы ономастикалық үрдістердің ғылыми-теориялық негіздері мен олардың ұлттық сананы қалыптастырудағы рөлін талдамақпыз.

Материал және әдістер

Зерттеу жұмысының материалы ретінде тәуелсіздік жылдары жарық көрген ономастика саласындағы ғылыми еңбектер, нұсқаулықтар мен нормативтік актілер, қайта атау туралы ресми деректер, Ономастика комиссиясының мәліметтері, баспасөз материалдары пайдаланылды. Әдіснамалық тұрғыдан салыстырмалы-тарихи, сипаттамалы әдістер қолданылып, этимологиялық, этнолингвистикалық талдаулар жасалды.

Әдебиетке шолу

Қазақ ономастикасын зерттеген ғалымдар Ә. Әбдірахманов, Е. Қойшыбаев, Ғ. Қоңқашбаев, Т. Жанұзақов, А. Жартыбаев, Е. Керімбаев, Ә. Нұрмағанбетов, Қ. Рысберген, Г. Мадиева, Б. Тілеубердиев, Қ. Сапаров, Б. Бияров тәрізді т.б. ғалымдар еңбектерінде қазақ тіліндегі жалқы есімдер, жер-су атаулары, тарихи-мәдени ономастикалық деректер, сондай-ақ атаулардың лексикалық, морфологиялық, семантикалық ерекшеліктері жан-жақты қарастырылған, сонымен қатар, ономастиканың тарихи дамуы, кеңестік және тәуелсіздік кезеңдегі атау беру саясаты талданған. Мақаламызда ғалымдар еңбектеріндегі тұжырымдар мен зерттеулер пайдаланылды.

Нәтижелер және талқылау

Тәуелсіздікке дейін ономастика саласына отаршылдық ықпалы күштеп таңылды, ал егемендік алғаннан кейін еліміздегі геосаяси және тілдік ахуал түбегейлі өзгеріп, қазақтың тарихи, мәдени құндылықтарына сәйкес атаулар қайта жаңғырды. Қазақстан ономастикасына терең аналитикалық талдау жасаған ғалым Г. Мадиева ономастикалық зерттеулердің қалыптасу кезеңін үшке бөліп көрсеткен. Ғалымның тұжырымынша,

бірінші кезең 1949-1970 жылдар аралығын қамтиды, бұл кезеңде, ономастикалық мектеп құрылып, қазақ топонимдері мен антропонимдері лексикалық, этимологиялық, семантикалық тұрғыдан зерттелді, географиялық терминдердің рөлі айқындалды;

екінші кезең 1970-1995 жылдар аралығында ономастика теориясы мәселелері айқындалып, топонимер мен антропонимдерді зерттеудің этнолингвистикалық бағыты қалыптасты, түркі-моңғол топонимикалық параллельдер анықталды, қолданбалы аспектілер, атап айтқанда, транскрипция, транслитерация негіздері қарастырылды, атауларды стандарттау қолға алынды, ономастикалық сөздіктер жасалды;

үшінші кезең 1995 жылдан бастап, қазірге дейінгі уақытты қамтиды. Топонимдерді аймақтық деңгейде зерттеу жүргізіліп келеді, жалқы есімдерді зерттеуде жаңа әдістер мен бағыттар қарастырылуда (Мадиева, 2018: 6).

Тәуелсіздік алғаннан кейін ономастикалық атауларды жаңа қырынан, яғни атаулардың лингвокогнитивтік және этномәдени негіздерін ашу тұрғысынан зерттеу қарқынды дамыды. Мәселен, ғалым Қ. Рысберген: «Кез келген лингвомәдениетпен байланысты тілдік бірліктерді таза лингвистикалық категория ретінде ғана қарастырмай, кешенді де жүйелі білімдер жиынтығы ретінде қарастырған жөн. Бұл әсіресе, ономастика, топонимика салаларына тікелей қатысты» – деп тұжырымдайды (Рысберген, 2010: 24). Ғалым ономастикалық атаулардағы ақпарат түрлерін алтыға бөлген:

1. Мекен-жайлық ақпарат (кез келген атаудың басты тілдік әрі әлеуметтік қызметі);
2. Тілдік ақпарат (семантикалық құрылымы, сөзжасамдық құрылымы, фонетикалық

сипаты, этимологиясы, атауға негіз болған уәж түрі, сипаты және т.б.);

3. Этномәдени ақпарат (атау уәжіндегі этностың қоршаған ортаны игеру барысында қалыптасатын дүниетанымы, кәсібі, шаруашылық типі, наным-сенімдері мен салт-дәстүрлерінің көрініс табуы);

4. Ғылыми ақпарат (географиялық нысанның геофизикалық, геоморфологиялық қасиеттеріне байланысты объективті ақпарат түрлері, биіктігі, ұзындығы, орналасу координаталары, геологиялық жасы, минералдық жыныстардың химиялық құрамы, мамандарға ғана белгілі көптеген геоморфологиялық, гидрологиялық жүйе сипаттары);

5. Тарихи-деректік ақпарат (атаудың пайда болуына қатысты нақты тарихи дерек, оқиға);

6. Лингвоәлеуметтік ақпарат (нақты бір атау туралы қоғамдағы қазіргі кезеңдегі халық ішіндегі түрлі деректер, ассоциациялар) (Рысбергген, 2010: 28).

Ғалым көрсетіп отырған этномәдени және тарихи-деректік ақпарат ономастикалық атаулардың лингвокогнитивтік және этномәдени негіздерін ашатыны сөзсіз. Бұл ақпараттар қазақ халқының ономастикалық кеңістігінен әр заманда мекен еткен халықтар мен ұлыстар туралы, ұлтымыздың сан ғасырлар бойы жасаған ұжымдық ой-санасы туралы кең мәлімет береді. Ғалым Н. Уәли «Қазақ ономастикасын зерттеуде атаудың тілдік коды едәуір жақсы ашылды. Бұл – үлкен жетістік. Алайда атаудағы мәдени, тарихи, тағы да алуан түрлі ақпараттар жүйесін ашу өз кезегін күтіп тұр. Ономастика ғылымы жаңа деңгейге көтерілуі керек» – деген болатын (Уәли, 2014). Ғалым қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрлі *Жетісу* атауындағы тарихи кодты аша отырып, оның жеті санына қатысы жоқ деген тұжырым жасады. Бұған дейін зерттеушілер ол өңір жеті өзенге қатысты *Жетісу* аталғанын алға тартқан. Мәселен, академик В. Бартольд *Лепсі, Басқан, Ақсу, Бүйен, Қызылағаш, Қаратал, Көксу* өзендерін жатқызған. Ғалым Н. Уәли *жеті* сөзі сан есім мағынасында жұмсалмағанын, халықтық география танымы бойынша «өзен-суы көп жер» деген ұғыммен байланысты екенін айтады. Қазақ тілінде кездесетін *жерден жеті қоян тапқандай; жеті рет өлшеп бір рет кес* тәрізді қолданыстардағы жеті сөзінің «көп, бірнеше» деген ұғымды білдіретінін ескерсек, ғалым тұжырымы дәл екендігі анықтала түседі. Қазақ ономастикасында санмен байланысты тура мағынасында келетін атаулар да аз емес. Тарихи деректерге назар аударсақ, И. Бичуриннің мәліметінше, ғұндар заманында үлкен құрылтайлар өтетін кезде арнайы шатырлар тігілетін болған. Осымен байланысты *Семипалатинск* атауы – тігілген жеті шатырға қатысты пайда болған деген болжамдар да бар.

Тәуелсіздік алғаннан кейін ономастикалық атаулардың мәдени кодын ашуға қатысты ғылыми зерттеулер қарқынды дамығанын тағы да қайталаймыз. Ғалым Н. Уәли «Белгілі бір тілдік таңбада екі түрлі мағына кодқа салынуы, соған сәйкес екі түрлі код болуы мүмкін. Біріншісі – тілдік код, екіншісі – мәдени код. Тілдік таңбалардың мәдени семантикасын зерттеуде осы екі түрлі мәнділікті ажырата білу қажет» – деген пікір айтады (Уәли, 2021: 71). Мәселен, Семей өңірінде *Көкпекті* деген елді мекен атауы бар. Бұл атаудағы тілдік ақпараттарды, әсіресе оның астарындағы мәдени код қалың жұртшылыққа беймәлім. Бұл атаудың мәдени кодын ғалым Н. Уәли былайша ашып түсіндіреді: «*Көкпекті* – өсімдіктің атауы. Көкпек көп өсетін болған соң, ол жер *Көкпекті* деп аталып кеткен. Біздің танымымыз тек тілдік біліммен ғана шектеліп қалса, халықтың оны не себепті *Көкпекті* деп атағанын әлі де терең танымағанымызды көрсетеді. Неге *Көкпекті* аталған? *Көкпектінің* «ар жағында» не тұр? Бұл өсімдіктің атауы екен, «жарайды» делік. Бірақ тілдік кодпен шектелу жеткілікті ме? *Көкпектінің* ар жағында мәдени кодтар (ақпараттар) жатыр емес пе? Міне, қараңыз. *Көкпек* деген өсімдік. Аласалау ғана өседі, аса биік болмайды. Ал тамыры жұп-жуан, таралып өседі. Жергілікті қазақтар кезінде көкпекті қазып, тамырын отынға пайдаланған. Бұл – мәдени код. Көкпек өсетін жақта тал-ағашқа тимеген. Ауылдың қадірлі қариялары тал-теректі берекесіз пайдалануға рұқсат етпеген. Бұл, бір жағынан, экологиялық танымды білдіреді. Көкпек өсімтал, ал ағаштың өсіп жетілуі үшін ондаған жылдар керек. Сондықтан ағашты отын ретінде онды-солды бұтауға, ысырапқа жол бермеген. Сонымен қатар көкпекке байланысты тарихи да ақпараттар (кодтар) бар. Отарлаушылық кезеңде қазақ жеріне келген казактар әскери бекіністерін сала бастады. Олар жергілікті тұрғындарды жалдап, көкпекті қаздыртып, отынға пайдаланған» (Уәли, 2014). Бұдан

Көкпекті атауы – тілдік бірлік қана емес, қазақ халқының табиғатты пайдалану тәжірибесі мен экологиялық санасын да көрсететінін байқаймыз. Ғалым Қ. Рысберген өсімдік атауларына қатысты қойылған *Аққайың, Қайыңды, Аршалы, Қарағайлы, Жусанды, Изенді, Белсексеуіл, Доланалы, Шеңгелді, Өрікті* тәрізді атауларда халықтың ғасырлар бойы қоршаған ортаны тануы, өз тіршілігіне сай икемделіп, игеруіне қатысты ұлттың когнитивтік базасында биоморфтық кодқа салынған ақпараттар мен білімдер жатыр – деп көрсетеді (Рысберген, 2010).

Ғалымдардың бұл талдауларынан мынадай тұжырым жасаймыз:

- кез-келген ономастикалық атауда халықтың дүниетанымы мен өмір салтын бейнелейтін мәдени код болады;

- әр атаудың әр жағында халықтың табиғатпен қарым-қатынасы, тұрмыс-тіршілігіне қатысты ақпарат сақталады;

- ономастикалық атаулар лингвистикалық деңгейде ғана емес мәдени-танымдық деңгейде де зерттелгенде ұлт пен тарих, тіл мен мәдениеттің сабақтастығы айқындалады.

Тәуелсіздік алғаннан кейін ономастика саласында сакральды, яғни киелі атауларды зерттеу үрдісі де қолға алынды. Киелі жер-су атауларындағы мәдени кодты ашу арқылы халқымыздың тарихи танымынан мол ақпарат аламыз. Ғалым А. Қараман мен О. Сапашев өз зерттеуінде: «Қазақ тілінің ономастикалық кеңістігінде дінге қатысты сөздер мен терминдерді қамтитын географиялық атаулардың тұтас бір тобы орын алған. Қазақ тіліндегі киелі топонимдер көбінесе жергілікті діни және рухани сенімдермен тығыз байланысты және халықтың мәдениетінің, дүниетанымының айқын көрінісі болып табылады» – дей отырып, *намаз* сөзімен айтылатын жер атауларының мәдени кодын «елді мекеннің құбыла жағында орналасқан табиғи нысанды атауы мүмкін, өйткені намаз тек құбылаға қарап оқылады», – деп түсіндіреді (Қараман, Сапашев, 2025: 162). Ақтөбе облысы, Байғанин аударында *Намазбұлақ* (бұлақ атауы), *Намазтау* (тау атауы) және Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданында *Намазшағыл* (төбе атауы) кездеседі.

Сондай-ақ Қазақстан жерінде *әулие* сөзімен келетін топонимикалық атаулар баршылық. Мысалы, *Әулие* (тау), *Әулиетөбе* (тау), *Әулиешоқы* (тау), *Әулие* (тау, қыстау), *Әулиеқора* (тау), *Әулиебұлақ*, *Әулиебастау*, *Әулие аңғары*, *Әулиешоқы* (жота), *Әуликөл* (көл, ауыл), *Әулие көлшік ата қылуеті*, *Әулиеқұдық* (құдық), *Әулиеағаш* (қоныс, ауыл), *Әулиеқұм* (қоныс), *Әулиесексеуіл* (қоныс), *Әулиетас жағасы* тәрізді атауларды ғалымдар: белгілі бір әулиелердің есімдеріне қатысты қойылуы мүмкін, алайда уақыт өте келе әулиелер есімі ұмыт қалса керек – деп болжайды (Қараман, Сапашев, 2025: 168). Бұдан қазақ халқы атау жасауда әдет-ғұрып, салт-дәстүр және діни, идеологиялық ұстанымдарын сипаттайтын сөздерді таңдап отырғанын аңғарамыз.

Тәуелсіздік алғанға дейін Қазақстан ономастикасына орыс атауларын қою заңмен бекітілген болатын. 1894 жылы генерал-губернаторларға арналған міндеттемелерде мынадай пункт бар: «Елді мекен атауларын орысша қою. Елді мекен аттарын жергілікті тілден орыс тіліне аударып, орысша аудармасының орнығуын жүзеге асыру» (Очерки истории Рудного Алтая, 1970: 35). Осының салдарынан қазақ жерінде *Матвеевка, Черняевка, Славянка, Куликово, Пятигород, Крупская, Пугачево, Мичурино, Кирово, Буденновка, Калинино, Ленинский, Покровка, Комсомол, Октябрьское, Красный Партизан* тәрізді т.б. орысша жер атаулары қаптады. Шығыс Қазақстан топонимикасына арнайы зерттеу жүргізген ғалым А. Әлімхан Күршім ауданындағы *Дарственное* елді мекенінің атауына қатысты тарихи кодты былайша түсіндіреді: «Күршім ауылы маңында бір адам күрегін тасқа шыңдап алмақшы болғанда, әлгі тас жылтырайды. Ол 33,5 кг құйма алтын екен. Алтын губернаторға сыйға тартылады. Губернатор алтын сыйлаған адамдарға жер береді. Сол сыйға тартылған жер қазіргі *Дарственное* ауылының жері. Алтын Санкт-Петербург мұражайларының бірінде сақталған» (Әлімхан, 2016: 67). Сонымен қатар ғалым қазақ атауларының орысша аудармасы жайында да сөз қозғап, *Маралды – Маралиха, Ақмола – Белая могила, Үлкен Бөкен – Большая Буконь, Қиын бұлақ – Путочная, Иіртау – Пьяная гора* болып аударылғанын талдайды.

Ғалым Қ. Рысберген отаршылдық кезеңінде қазақ жеріне берілген атауларды сегіз топқа бөлген:

1. Романовтар әулеті мүшелерінің: князь, ханзада, ханшайым есімдерінен қойылған

атаулар: *Петропавловск, Софиевка, Верный, Александровка, Павлодар*;

2. Ресей империясына қызмет еткен, отарлау саясатын жүзеге асыруға атсалысқан орыс генералдары, генерал-губернаторы фамилияларынан қойылған атаулар: *Колпаковский, Черняев, Ванновский, Перовский*;

3. Қазақ жеріне көшіп келген қоныстанушы фамилия, есімдерінен қойылған ойконимдер: *Корниловка, Андреевка, Алексеевка, Самсоновка, Костаниновка*;

4. Бұрынғы Ресей жеріндегі өз қоныстарының атынан қою: *Новониколаевск, Рязановка, Полтавка, Новомосковское, Самарское, Донецкое, Ростовское, Черниговка, Архангельское*;

5. Қазақ атауларын тікелей калькалау: *Ақсу – Белые Воды, Беловодск, Қарасу – Черноводск, Көкшетау – Синегорье, Семей – Семипалатинск, Шортанды – Щучье, Шөптікөл – Сенокосное, Бесмола – Пятигорское, Ақжар – Белоярск*;

6. Қазақ тіліндегі атауларға *-во, -ское, -ое, -ая, -ий* т.б. орыс аффикстерін жалғау арқылы русификациялау: *Нурбаевск, Бекетайский, Ерментауский*;

7. Христиан дінін уағыздайтын діни мейрамдар, әулиелер атауларынан қойылған ойконимдер: *Вознесеновка, Покровск, Троицкое, Новотроицкое, Воскресенское, Рождественское, Крестовское, Преображенское, Благовещенка, Богородское* (Қ. Рысберген, 2010).

Ғалымның бұл талдауына қатысты мынадай тұжырым жасаймыз:

- қазақ даласында отарлық идеологияның мәдени экспансиясы ашық түрде жүргізілген;
- қазақ топонимикасы отарлау саясатының ықпалына қатты ұшырап, саяси-идеологиялық құралға айналған;
- ономастикалық атауларды орыстандыруды заңдастыру арқылы отарлаушы ел- жерді «меншіктегісі» келген;
- жаңа қоныстанушылар өз туған жерінің атын қою арқылы жергілікті ұлттың кеңістігін «жат жерге» айналдыруға тырысып, мәдени ассимиляцияға ұшыратқан;
- қазақша атауларды калькалау арқылы русификациялау үрдісін жүргізіп, ұлттық ономастикалық дәстүрді бұрмалаған;
- христиан дінін уағыздайтын атауларды қою арқылы дәстүрлі исламдық дүниетанымды жоюға бағытталған миссионерлік саясат жүргізген.

Яғни, жоғарыда ғалым көрсеткен сегіз топ – отарлық идеологияның тіл арқылы іске асқан үстемдігі.

Тәуелсіздік алғаннан кейін, жоғарыда айтып өткеніміздей, дәстүрлі тарихи жер-су атауларын қалпына келтіру, ежелден қалыптасқан төл атауларды жаңғырту, орысша атауларды қазақшалау, оларды қайтадан ғылыми-зерттеу елегінен өткізу – мемлекеттігімізді берік орнықтыру мақсатында жасалған негізгі құралдың бірі болды. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысындағы *Советский, Целинный* аудандары – *Аққайың, Ғабит Мүсірепов*, сондай-ақ *Боровской, Комсомол, Ленино* ауылдары *Меңдіқара, Қарабалық, Ұзынкөл* болып ауысты. Әрине, қазақшаланған жер-су атауларының барлығын бір мақалаға сыйдырып беру мүмкін емес. Сонымен қатар орысша аударылған атаулардың транскрипциясын дұрыстау жұмыстары да қолға алынып, ретке келтірілді. Мысалы, *Курюк – Курык* болып (қазақшасы *Құрық*), *Чалкар – Шалкар* болып (қазақшасы *Шалқар*), *Семипалатинск – Семей* болып т.б. түзетілді.

Ономастикалық атауларды реттеу, қалпына келтіру, өзгерту жұмыстары тәуелсіз Қазақстанның сол кезеңдегі астанасы Алматы қаласынан бастау алып, бүкіл республикаға тарады. Мәселен, Алматы қаласындағы: *Ленин, Карл Маркс, Киров, Фрунзе, Горький, Дзержинский, Красноармейская, Октябрьская* тәрізді т.б. көптеген көше аттары қазақ билерінің: *Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би*, қазақ хандары мен батырларының: *Абылай хан, Райымбек, Қарасай батыр, Бөгенбай батыр, Қабанбай батыр, Наурызбай батыр, Өтеген батыр*, қазақ зиялыларының: *Қонаев, Әуезов, Алтынсарин, Омаров*, алаш зиялыларының: *Байтұрсынұлы, Бөкейханов, Жандосов, Жұмабаев, Жұбанов*, түркі ғұламаларының: *Яссауи, Науаи*, қазақ ақын-жырауларының: *Бұхар жырау, Сүйінбай, Жамбыл*, соғыс ардагерлерінің: *Момышұлы, Мәметова, Молдағұлова* т.б. есімдеріне ауыстырылды. Бұл өзгеріс тілдік әрі рухани тәуелсіздіктің және ономастикалық деколонизацияның белгісі болды. Бұл үдеріс қоғамның:

- ұлттық тарихқа деген құрметін арттырды;
- тіл мен мәдениеттің беделін көтерді;
- жас ұрпақтың ұлттық санасын жаңғыртуға әсер етті.

Мысалы, *Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би* – әділдік пен шешендік символы болса, *Абылай хан, Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр, Наурызбай батыр* – елін, жерін қорғаудың бейнесі, *Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов, Мағжан Жұмабаев* – қазақ халқын рухани дамытқан ағартушылықтың көрінісі, *Яссауи, Науаи* – түркі руханиятының тұтастығын айғақтайтын тұлғалар. Осылайша, қайта жаңғырған көше атаулары ұлттық құндылықтың символына айналды. Демек көше атаулары жай ғана географиялық белгі емес, ұлттық мазмұн мен тарихи-рухани болмысты сақтаушы таңба.

Жоғарыдағы талдауларға қарай отырып, тәуелсіздік кезеңіндегі ономастикалық зерттеулер үш бағытта дамыды деп тұжырымаймыз:

1. *Теориялық және тарихи бағыт*. Кеңестік кезеңдегі атаулар мен тәуелсіздік кезеңіндегі атауларды қазақ ономастикасының қалыптасу, даму кезеңдерімен дәйектей отырып, салыстырмалы тұрғыдан зерттеу;

2. *Этнолингвистикалық және мәдени бағыт*. Ономастикалық атауларды ұлттық мәдениетті, салт-дәстүр мен халықтың дүниетанымын бейленейтін код ретінде қарастыру, этномәдени мазмұнын ашу;

3. *Қолданбалы және саяси бағыт*. Ономастикалық саясат жер-су, елді мекен, көше атауларын қайта қарау, ұлттық атауларды бекіту, нормативтік-құқықтық тұрғыдан реттеу, ғылыми тұрғыдан саралап, шешімдер қабылдау.

Осындай үш бағыттағы зерттеулер ономастиканы тілдің бірнеше саласымен ұштастыра қарастыруға жол ашты. Атап айтқанда:

- лингвомәдениеттану;
- когнитивтік лингвистика;
- әлеуметтік лингвистика;
- тарихи география.

Лингвомәдениеттану тұрғысынан ономастикалық атаулар халықтың дүниетанымы мен ұлттық құндылықтарын бейнелейтін мәдени код ретінде қарастырылады. Тәуелсіздік алғаннан кейін *Бәйтерек, Тәуелсіздік, Бірлік, Ынтымақ, Абай, Әл-Фараби* т.б. атаулардың берілуі – халықтың тарихи жады мен ұлттық құндылықтарын жаңғыртудың ерекше көрінісі болып табылады. Бұл әдіс – ұлттық идеологияны нығайтуда маңызды рөл атқарады. Мәселен, Шығыс Қазақстан облысының құрамындағы Семейді бөліп, *Абай облысы* деп өзгерту – тәуелсіздік кезеңіндегі ономастикалық саясаттың ең мәнді әрі маңызды шешімдерінің бірі болды. Бұл өзгеріс тек әкімшілік-аймақтық реформа ғана емес, ұлттық сананы жаңғыртудың ерекше көрінісі. Абай – қазақ халқының рухани мәдениетінің, әдеби мұрасының және ұлттық дүниетанымының символы. Абай есімі – қазақтың рухани әлемін білдіретін мәдени-тілдік код.

Когнитивтік лингвистика тұрғысынан ономастикалық бірліктер адам санасындағы таныммен, ұжымдық жадпен байланысты қарастырылады. *Алтын Адам, Самұрық, Астана* тәрізді атаулардың қалыптасуы тек нысанның атын ғана емес, қоғамға тұрақтылық, бірлік, өркендеу тәрізді символдық ұғымдарды сіңіреді. Тәуелсіз Қазақстан кезеңінде қолға алынған когнитивтік лингвистика бойынша ғалымдар тарапынан жүргізілген ғылыми зерттеулер ономастикалық атаулардағы тарихи-мәдени және ұлттық кодты ашуда ерекше үлес қосты.

Әлеуметтік лингвистика тұрғысынан атаулардың қоғамдағы қызметі, тілдік саясаттағы орны, әлеуметтік факторлармен байланысы зерттеледі. *Ленин, Киров, Мир, Советская* т.б. атаулардың *Достық, Бөгенбай, Қабанбай, Сейфуллин* т.б. болып өзгеруі – қоғамның тарихи әділдікті қалпына келтіріп, ұлттық сананың жаңғыруын дәлелдейді.

Тарихи география ономастикалық деректерді белгілі бір аймақтың тарихи дамуымен, этникалық құрамымен және табиғи-географиялық ерекшелігімен сабақтастыра қарастырады. *Отырар, Тараз, Сайрам* т.б. ежелгі атаулар – елдің тарихымен тығыз байланысты. Олардың сақталуы мен қайтадан жаңғыруы аймақтың ұмытылған тарихын қайта қалпына келтіреді.

Сонымен қатар егемендік алғаннан кейін қазақ азаматтарының аты-жөнін дұрыс жазуға

қатысты Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 2 сәуірде «Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы» № 2923 және 2012 жылғы 4 ақпанда №265 Жарлықтары шықты. Осы Жарлыққа орай ономаст ғалымдар Т. Жанұзақ пен Қ. Рысберген тарапынан қазақ азаматтары аты-жөндерін жазудың емле ережелері бойынша нұсқаулығы әзірленді (Жанұзақ, Рысберген, 2016: 80). Ғалымдар даярлаған бұл нұсқаулық нормативтік құқықтық акт ретінде танылды және қазақ азаматтарының аты-жөнін, яғни өз атын, әкесінің атын, тегін әдеби тіл нормасына, қазақ тілінің орфографиялық, кей жағдайда орфоэпиялық ережелеріне сәйкес жазудың түйткілді мәселелерін реттеп берді. Тәуелсіздікке дейін қазақ есімдері бұрмаланып, орыс орфографиясы ықпалымен жазылып келгені мәлім. Мысалы: *Айгүл* емес *Айгуль*, *Жұмабек* емес *Джумабек*, *Сәкен* емес *Сакен* т.б. Ғалымдар даярлаған нұсқаулықта «Қазақ есімдері Қазақстан Республикасында орыс тіліндегі (ресми тілдегі) нұсқасында да қазақ тілінің орфографиялық заңы бойынша, осы нұсқаулықты негізге ала отырып, мемлекеттік тілде жазылады» – деп көрсетілді.

Қазіргі таңда *-ов, -ова, -ев, -ева* тәрізді қосымшаларды алып тастау үрдісі қарқынды жүріп жатқаны мәлім. Сондай аты-жөндерде аты қайсы, тегі қайсы деген шатасулар орын алып жатады. Бірақ осы мәселе ғалымдар құрастырған нұсқаулықта нақты жазылған: «Өз есімдерінен соң әке атын қосымшасыз жазу. Мысалы: *Шерхан Мұртаза, Тахауи Ахтан, Айдар Әбіш, Бектай Оңғарбай, Жолдас Жұман; Анар Омар, Асылша Жанболат, Күлайша Әбдірахман, Жәмила Қаратай* т.т. Ескерту: ұлттық дәстүрімізге сай әрбір азамат өз әкесінің не атасының атын тегі ретінде жазуға ерікті». Нұсқаулық бойынша бірінші есімі, екінші тегі жазылатыны нақты көрсетіліп тұр. Барлық мекеме осы норма бойынша жазса, бүгін бірізді қалыпқа түсіп, шатасу орын алмас еді. Нұсқаулықта «Кісінің өз аты, әкесінің атына ұлы және қызы деген сөздерді қосып, бірге жазу. Мысалы: *Азамат Бектайұлы, Бақыт Қуатұлы, Нұржан Достайұлы, Гүлнар Бекбергенқызы, Алма Ақжанқызы, Мөлдір Мұқатайқызы* т.т.» деген пункт бар. Егемендікке дейін бұлай жазу болмағаны мәлім. Сонымен қатар жеке куәлікте адамның аты-жөні қандай ретпен берілуі керектігі де нұсқаулықта көрсетілді: «Жеке куәліктер мен паспорттарда бірінші тегі, екінші есімі, үшінші әке аты жазылады. Мысалы: *Асан Болат Бақытұлы, Айдар Бекжан Мұқанұлы, Райбек Гүлжан Сәрсенқызы* т.б.» (Жанұзақ, Рысберген, 2016: 94). Аты-жөннің осылайша қазақ тілінің заңдылығымен жазылуы – ұлттық болмысты қалпына келтіру мен тіл егемендігінің ерекше бір көрінісі болды. Президенттің 1996 және 2012 жылғы Жарлықтары қазақ ономастикасын ұлттық негізде жүйелеудің және ұлттық бірегейлікті құқықтық тұрғыдан бекітудің тарихи белесі болып табылды.

Ономастикалық атауларды ретке келтіру, ұлттық атауларды жаңғырту мәселелері тек егемендік алғаннан кейін ғана мүмкін болды. Себебі егемендік алғанға дейінгі кезеңде қазақ тілінің қоғамдық қызметі шектеулі болды да, ономастикалық атаулар орыс тілінің орфографиясымен жазылды. Кеңестік идеология ұлттық атауларды қолдануға мүмкіндік бермеді. Тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана ономастика саласы мемлекеттік тіл саясатының құрамдас бөлігіне айналып, тарихи тұрғыдан қайтадан қарастыру қолға алынды, бұрмаланған топонимдер мен антропонимдерді қалпына келтіру жұмыстары қарқынды жүрді. Бұл үдеріс – ұлттық сананы жаңғыртып, тіл егемендігін орнықтырудың маңызды көрінісі.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, ономастика – география, фольклор, мәдениеттану, тарих, тіл, әдебиет, этнография салаларымен тығыз байланысты категория. Тәуелсіздік кезеңіндегі ономастика – ұлтымыздың тарихи санасын жаңғыртып, мәдени кодын айқындады, тіл мен ұлттық идеологияны тұтастырды. Осының негізінде атауларды қазақыландыру, тарихи атауларды қалпына келтіру, ғылыми зерттеу жұмыстарын жаңа бағытта қарастыру үрдісі жүрді. Қазақ ономастикасы ұлттық идеология мен рухани жаңғыру саясатының негізгі бір бөлігіне айналды. Қазіргі таңдағы зерттеулер ономастиканы тек тілдік атаулар жүйесі ретінде емес, ұлттың тарихи жады, рухани мұрасы, мәдениетінің көрсеткіші ретінде қарастырып келеді. Әрбір атау белгілі бір дәуірдің, тарихи оқиғаның немесе ұлт тұлғасының ізі ретінде ұжым жадында өмір сүреді. Тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі ғалымдардың зерттеулері ономастикалық атауларды тіл мен мәдениеттің, ұлт пен тарихтың тұтастығы тұрғысынан қарастырды, олардың этномәдени

ақпарат тасушы қызметін ашып көрсетті. Атаулардағы мәдени кодтарды талдау арқылы қазақ халқының эстетикалық танымы мен рухани өмірі айқындала түсті. Атауларды қазақыландыру тек тілдік жаңару емес, ұлттық танымды қайтарудың маңызды қадамы. Осылайша тәуелсіздік кезеңіндегі ономастика ғылымының дамуы қазақ халқының тарихи санасын жаңғырту мен ұлттық болмысын айқындауда ерекше рөл атқарды.

Әдебиеттер

- Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. – Алматы: Ғылым, 1975. – 207 б.
- Әлімхан А. Шығыс Қазақстан топонимиясындағы орыс тілі қабаты. // Ономастикалық хабаршы. – 2016. – № 2 (32). – 118 б.
- Бияров Б. Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері. Монография. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 460 б.
- Жанұзақ Т. Атаулар сыры. – Алматы: Дайк-пресс, 2007. – 520 б.
- Жанұзақ Т., Рысберген Қ. Қазақ азаматтары аты-жөндерінің емле ережелері жайлы ұсыным. // Ономастикалық хабаршы. – 2016. – № 2 (32). – 118 б.
- Жартыбаев А. Орталық Қазақстан топонимиясының тарихи-лингвистикалық, этимологиялық және этномәдени негіздері: филол. ғыл. докт... автореф.: 10.02.06. – Алматы, 2006. – 44 б.
- Конкашпаев Г. Словарь казахских географических названий. – Алма-Ата: Академии наук КазССР, 1963. – 185 с.
- Көшім Д. Ономастика – тәуелсіздік көрсеткіші. Halyq Line сайты [Электрондық ресурс]. Қолжетімді: <https://halyqline.kz/masele/onomastika-taewelsizdik-koersetkishi/> (қаралған күні: 20.08.2025).
- Қараман А., Сапашев О. Аймақтық сакральды топонимиядағы номинация жүйесі ұлттық код ретінде. Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. – №2. – Б. 159-171.
- Мадиева Г. Ономастика Казахстана: аналитический обзор (подходы исследования онимов). – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 120 с.
- Нұрмағанбетов Ә. Жер-су аты – тарихтың хаты. – Алматы: Балауса, 1994. – 64 б.
- Очерки истории Рудного Алтая. – Усть-Каменогорск, 1970. – 200 с.
- Рысберген Қ. Қазақ топонимиясының лингвокогнитивтік және этномәдени негіздері: филол. ғыл. докт. дис. Тіл білімі ин-ты. – Алматы, 2010. – 245 б.
- Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. – Алматы: Арыс, 2006. – 368 б.
- Уәли Н. Ономастикалық атаулардағы тарихи-мәдени кодтарды ашудың лингвокогнитивтік негіздері. Ономастикалық хабаршы. – 2014. – №2(28). – 118 б.
- Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. – Алматы: Қазақ тілі, 2021. – 408 б.

References

- Abdirahmanov, A. (1975) Toponimika zhane jetimologija. Almaty: Gylym, 207 b. [Abdirakhmanov, A. (1975) Toponymy and Etymology. Almaty: Gylym, 207 p.] (in Kazakh)
- Alimkan, A. (2016) Shygys Qazaqstan toponimikasyndagy orys tili qabaty. Onomastikalyq habarshy. No.2(32). 118 b. [Alimkhan, A. (2016) Layer of the Russian Language in the Toponymy of East Kazakhstan. Onomastic Messenger. No.2 (32). 118 p.] (in Kazakh)
- Bijarov, B. (2012) Zher-su attarynyng sozzhasamdyq ulgileri: monografija. Almaty: Memlekettik tildi damytu instituty, 460 b. [Biyarov, B. (2012) Word-Forming Patterns of Land and Water Names. Monograph. Almaty: Institute of State Language Development, 460 p.] (in Kazakh)
- Konkashpaev, G. (1963) Slovar' kazahskih geograficheskikh nazvanij. Alma-Ata: izdatel'stvo Akademii nauk KazSSR, 185 s. [Konkashpayeva, G. Dictionary of Kazakh geographical names. Alma-Ata: Publ. house of the Academy of Sciences of the KazSSR, 185 p.] (in Russian)
- Koshim, D. Onomastika – taewelsizdik korsetkishi. Halyq Line saity [Jelektrondyq resurs]. Qolzhetimdi: <https://halyqline.kz/masele/onomastika-taewelsizdik-koersetkishi/> (qaralghan kuni: 20.08.2025). [Koshim, D. Onomastics is an Indicator of Independence. Halyq Line Website [Electronic Resource]. Available: <https://halyqline.kz/masele/onomastika-taewelsizdik-koersetkishi/> (Review Date: 20.08.2025).] (in Kazakh)
- Madiyeva, G. (2018) Onomastika Kazahstana: analiticheskij obzor (podhody issledovaniya onimov). Almaty: Qazaq universiteti, 120 b. [Madiyeva, G. (2018) Onomastics of Kazakhstan: an Analytical Review (Approaches to the Study of Onyms). Almaty: Qazaq university, 120 p.] (in Russian)
- Nurmaganbetov, A. (1994) Zher-su aty – tarihtyng haty. Almaty: Balausa, 64 b. [Nurmaganbetov, A. (1994) The Name Of The Land and Water is a Letter of History. Almaty: Balausa, 64 p.] (in Kazakh)
- Ocherki istorii Rudnogo Altaia (1970) Ust'-Kamenogorsk, 1970. 200 s. [Essays on the history of the Rudny Altai (1970) Ust-Kamenogorsk, 200 p.] (in Russian)
- Qaraman, A., Sapashev, O. (2025) Aimaqtyq sakraldy toponimijadagy nominacija zhujesi ulttyq kod retinde. Sh.Ualihanov atyndagy Kokshetau universitetining habarshysy. Filologija serijasy. No.2. B. 159-171. [Karaman, A., Sapashev, O. (2025) Nomination System in Regional Sacral Toponymy as a National Code. Bulletin of Kokshetau

University Named after Sh.Ualikhanov. Philology Series. No.2. P. 159-171.] (in Kazakh)

Rysbergen, Q. (2010) Qazaq toponimijasyning lingvokognitivtik zhane jetnomadeni negizderi: filol.gyl. dok.diss. Til bilimi instituty. Almaty, 245 b. [Rysbergen, K. (2010) Linguocognitive and Ethnocultural Foundations of Kazakh Toponymy: Philol. Science.Doc. Dis. Inst. of Linguistics. Almaty, 245 p.] (in Kazakh)

Tileuberdiev, B. (2006) Qazaq onomastikasynyng lingvokognitivtik aspektleri. Almaty: Arys, 368 b. [Tileuberdiev, B. (2006) Linguocognitive Aspects of Kazakh Onomastics. Almaty: Arys, 368 p.] (in Kazakh)

Uali, N. (2014) Onomastikalyq ataulardaqty tarihi-madeni kodtardy ashudyng lingvokognitivtik negizderi. Onomastikalyq habarshy No.2(28) [Uali, N. (2014) Linguocognitive Foundations of the Disclosure of Historical and Cultural Codes in Onomastic Names. Onomastic Messenger. No.2(28).] (in Kazakh)

Uali, N. (2021) Qazaq soz madenietining teorijalyq negizderi. Almaty: Qazaq tili, 408 b. [Uali, N. (2021) Theoretical Foundations of Kazakh Speech Culture. Almaty: Qazaq tili, 408 p.] (in Kazakh)

Zhanuzaq, T. (2007) Ataular syry. Almaty: Dajk-press, 520 b. [Zhanuzak, T. (2007) The secret of names. Almaty: Daik-press, 520 p.] (in Kazakh)

Zhanuzaq, T., Rysbergen, Q. (2016) Qazaq azamattarynyng aty-zhonderining emle erezheleri zhaily usynym. Onomastikalyq habarshy. № 2(32). 118 b. [Zhanuzak, T., Rysbergen, K. (2016) Recommendations on the Spelling Rules of the Names of Kazakh Citizens. Onomastic Messenger. No.2 (32). 118 p.] (in Kazakh)

Zhartybaev, A. (2006) Ortalyq Qazaqstan toponimijasyning tarihi-lingvistikalyq, jetimologijalyq zhane jetnomadeni negizderi: filol. gyl. dokt... avtoref.: 10.02.06. Almaty, 44 b. [Zhartybayev, A. (2006) Historical, Linguistic, Etymological and Ethnocultural Foundations of Toponymy of Central Kazakhstan: philol. science. doct... abstract: 10.02.06. Almaty, 44 p.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 13.08.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 10.12.2025.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 12.12.2025.

© Нурекенова А.Д., Әміров Ә.Ж., Тлеулесова А.Ш., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025

